

ЛЕНИН ТУУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 167 (9229) | 1953 жылғы 21 август Жұма | Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Жаңа оқу жылы қарсаңында

Совет мектебі дүние жүзіндегі ең алдыңғы қатарлы және ең прогрессивті мектеп болып саналады. Біздің елімізде коммунизмнің болашақ жас құрылыстары ер жүрек, еш нәрседен қорықпайтын, қездескен қыйыншылықтарды батыл жол білетін, Коммунистік партияға, өз Отанына шексіз берілген азамат еті тәрбиелеу ісі совет мектебіне жүктелген.

Біздің елімізде мектептер Коммунистік партия мен Совет үкметінің күнбе-күні қамқорлығына бөленген. Мемлекетіміз тарапынан халық ағарту ісіне бөлінетін қаржы сомасының жыл санап өсіп отырып отырғаны өзін бұл қамқорлықтың айқын айғағы болып табылады. Жұырда болып өткен ССРО Жоғарғы Советінің V сессиясы бекіткен Мемлекеттік бюджетте халық ағарту ісіне, денсаулық сақтауға, әлеуметтік қамтамасыздандыру мен қамсыздандыруға үстеміздегі жылы 129,8 миллиард сом қаржы жұмсау көзделді. Демек, бұл өткен жылдағыдан 7 миллиард сом артық.

Сонымен бірге, совет мектептері бүкіл халықтық қамқорлыққа бөленуі. Облысымыздың Ленин ауданындағы Александровка селолық Советі депутаттары мен активтерінің мектептерді жаңа оқу жылына үлгілі әзірлеу жолында социалистік жарыс ұйымдастыру жөніндегі бастамасы мектептерге деген осындай бүкілхалықтық қамқорлықтың айқын бір сипаттама болып саналады.

Александровкалықтардың бұл игілікті бастамасы облыс еңбекшілері арасында қызу қолдау тапты. Жергілікті партия, совет ұйымдарының нақтылы басшылығы мен көмегіне, облыс еңбекшілерінің қамқорлығына сүйене отырып, облысымыздың көптеген мектептері жаңа оқу жылына барлық жағынан толық әзірлікпен кіріскелі отыр. Совет ауданындағы Молотов, Аманкелді, Конохов ауданындағы Воскресенск, Зарослое, Советтердің X съезі, Соколов ауданындағы Калинин, Ленин ауданындағы Қарағаш мектептері сияқты көптеген мектептердің басшылары ауыл-селолық Советтер мен колхоз басшыларының және ауыл-село активтерінің көмегімен мектеп үйлерін жандеу

мектеп коллективтері педагогикалық жағы білімі бар көп оқытушы кадрлармен толықтырылады.

Алайда, облысымызды тұтастай алғанда мектептерді жаңа оқу жылына әзірлеу ісінде елеулі кемшіліктерге жол беріліп отыр. Совет, Соколов, Конохов сияқты кейбір аудандарда мектеп үйлерін жөндеу, оқу жасындағы балалардың тізімін алу, мектептерді мебельдермен, оқулықтармен, қысқа керекті отынмен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз ету ісінде әлі де болса кемшіліктер байқалып отыр. Кейбір аудандық оқу бөлімдері, сол сияқты, студа орындары мектептерге оқулықтар жеткізу мәселесімен жеткілікті шұғылданып келеді.

Қазақстан мұғалімдерінің жұырда болып өткен съезі халық ағарту жұмысын жоғары дәрежеге көтерудің, оқу-тәрбие жұмысын онан әрі жақсартудың нақтылы шараларын белгіледі. Бұл шаралардың мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз ету халық ағарту орындары мен мектептердің бүгін таңдағы басты міндеттерінің бірі.

Республика мұғалімдерінің съезі белгілеген шаралар мен партияның XIX съезі халық ағарту саласында алға қойған міндеттерді аброймен орындау, мектептерде оқу-тәрбие жұмысының сапасын жақсарту үшін облыс мектептері жаңа оқу жылына барлық жағынан үлгілі әзірленулері керек. Мектеп үйлерін салу және жөндеумен ғана оқу жылына әзірлікті аяқтау деп есептеуге болмайды. Оқу жылы басталғанға дейін оқулықтар, көрнекі құралдар, мебельдер, қысқа керекті отын толық дайындап алынуға тиіс.

Ауыл-селолық Советтер мен колхоз басшылары мектептерді жаңа оқу жылына әзірлеу жұмыстарын аз күн ішінде толық аяқтау үшін мектеп үйлерін жөндеу және қысқа керекті отынды жеткілікті етіп дайындап алуда мектептерге нақтылы көмек көрсетуге тиіс. Сонымен бірге, оқытушылардың тұрмыстық қажетін өтеу, оларды пәтер үйімен, отынмен қамтамасыз ету мәселесіне жете көңіл бөлінуі қажет.

Жаңа оқу жылына әзірліктегі аса қа-

Партиямыз бен үкметіміздің қамқорлығы арқасында халқымыздың әл-ауқат дәрежесі жақсара түсуде

Бір заводтың жаңа өнімдері

Үкметіміз бен партиямыздың үнемі қамқорлық жасауы арқасында халқымыздың әл-ауқаты күн сайын жақсара түсуде. Сондықтан да олардың үй шаруашылығына керекті бұйымдарға деген қажеті мен тілегі үздіксіз өсіп отыр.

Бұл өскелең тілекті қанағаттандыру үшін түрлі бұйымдар шығаратын өнеркәсіп орындарына бұйымдардың сан жағын молдйтып, сана жағын жақсарту талабы қойылады.

Қаладағы шойын құю-таразы заводы (директоры Петров жолдас) үй шаруашылығына қажетті бұйымдар жасап шығарады. Қала, облыс еңбекшілерінің өскелең тілегіне сай бұл заводқа жұмыс көлемін бұрынғыдан әлде қайда кеңейтуге тура келді. Бұл жолда завод коллективі айта қаларлықтай табыстарға да жетуде.

Мысалы, өткен айларға қарағанда шығарылатын кроваттар саны әлденеше есе молайды. Екінші жартыжылдықта жоспар бойынша 1500 кровать шығару керек. Бұл цифр үстеміздегі жылдың өткен бірінші жартыжылдықтағыдан 5 есеге жуық артық. Сонымен бірге, кроваттардың сапасы да жақсарады және көлемі үлкейеді.

Өткен айларда сүйік зтттар құятын айына 80—85 ыдыс жасалып келсе, август айының өзінде ғана 200-ге жуық сондай ыдыс жасалды. Ал, жыл аяғына дейін оның санын 1400 ге жеткізу жоспарланып отыр. Бұл өткен бірінші жартыжылдықпен салыстырғанда 5 еседен артығырақ.

Қазір тамақ әзірлейтін шойын плиталарды бұрынғысынан гөрі жақсартуға және олардың көлемін үлкейтуге барытталған жаңа жоба жасалыпуда.

Е. МЫРЗАХМЕТОВ.

300 тонна тәтті тағамдар

Қаланың сауда орындары бұл күндері

Басты міндетімізді — халықтың үздіксіз өсіп отыратын материалдық және мәдени талаптарын барынша қанағаттандыру міндетін жүзеге асыру үшін бізде зор мүмкіншіліктер бар. Біз бұл міндетті жүзеге асыруда қысқа мерзім ішінде зор табыстарға жететіндігімізге берік сенеміз.

Г. М. МАЛЕНКОВ.

Еңбекшілердің сақтмық қаржылары көбейе түсуде

ССРО Жоғарғы Советі V сессиясында қабылданған Мемлекеттік бюджет пен ауылшаруашылық салығы туралы Заңдар және ССР Одағы Министрлер Советінің Председателі Г. М. Маленков жолдастың сессияның қорытынды мәжілісінде сөйлеген сөзі социалистік экономиканы мықтап өркендетуге, Отанымыздың қорғанышпаздық қабілетін бұрынғыдан да арттыруға, совет халқының материалдық және мәдени дәрежесін барынша көтеруге жасалып отырған қамқорлықтың айқын сыпаттамасы болып табылады.

Коммунистік партия мен Совет үкметі халықтардың бейбіт өмірін онан әрі гүлдендіру саясатын табандылықпен жүргізе отырып, олардың мәдени-тұрмыс және әл-ауқат дәрежесін онан әрі арттыруға бағытталған шараларды жүзеге асыруда. Осының нәтижесінде еліміздің халықтарының тұрмыс халі жақсарып, мәдениеті гүлденуде. Олардың өскелең тілектері мен талаптары да артауда.

Еңбекшілердің әл-ауқат дәрежесінің онан әрі жақсаруына байланысты сақтмық қаржыларына зор міндеттер жүктеліп отыр. Өйткені, Мемлекеттік бюджеттің кірістерінде халықтың жыйнақ ақшаларының өсуі 10 миллиард сом болып белгіленіп отыр, ал, жыйнақ ақшалардың жалпы сомасы 1953 жылдың ақырында 36 миллиард сомнан асады, бұл соғыстың алдындағыдан бес есе көп деген сөз.

Мемлекеттік сақтмық қаржыларындағы жыйнақ ақшалардың өсуі облыс еңбекшілерінің де әл-ауқат дәрежесінің үздіксіз өсіп отырғандығын айқын көрсетеді. Мәселен, тек қана 1953 жылдың алғашқы жартысында облысымыздағы мемлекеттік сақтмық қаржыларында еңбекшілердің жыйнақ ақшасы 4426 мың сом артты, бұл өткен жылғыдан әлде қайда көп. Сол сияқты, бұл уақыт ішінде жаңадан 3236 адам сақтмық қаржыларына вкладчик болып қосылды.

Петропавлдағы мемлекеттік еңбек сақтмық қаржыларының қызметкерлері қала

бры, Совет аудандарындағы сақтмық қаржыларының жұмыстары да өз дәрежесінде.

Дегенмен, мемлекеттік еңбек сақтмық қаржыларының маңызын және оның еңбекшілер үшін аса зор пайдалылығын әлі де жете түсінбей отырған сақтмық қаржылары қызметкерлері жоқ емес. Мәселен, Преснов ауданындағы сақтмық қаржылары (менгерушісі Левшин жолдас) жыйнақ сомасын арттырудың белгіленген мөлшерін бірте-бірте орындаған жоқ. Бұл ауданда ауыл-селолық жердегі сақтмық қаржыларының жұмысы өте қанағаттанғысыз. Бұл сияқты жағдай Пришим (менгерушісі Раздобрский жолдас), Соколов (менгерушісі Жукова жолдас) аудандарының сақтмық қаржыларында да орын алған.

Бұл аудандардағы сақтмық қаржылардың өз дәрежесінде жұмыс істей алмауының басты себебі, ең алдымен, қаржы қызметкерлерінің еңбекшілер арасында түсінік жұмыстарын өз дәрежесінде жүргізе алмай отырғандығында. Олар еңбекшілерге сақтмық қаржыларында ақша жыйнаудың мемлекет үшін және ақша жыйнаушының өзі үшін қандай пайдалы екендігін насихаттамайды. Сақтмық қаржыларында ақша жыйнау — Отанымыздың экономикалық жағынан өркендеуінде қандай роль атқаратындығы оларға түсіндірілмейді. Бұл жағдайды күнделікті өміріміздегі мысалдар арқылы дәлелдеуді еске алмайды.

Мемлекеттік еңбек сақтмық қаржыларында ақша сақтау еңбекшілер үшін өте пайдалы. Оларда ақшалардың хауіпсіз сақталуы мемлекеттік кепілдікпен бекітілген. Оған ақша салушыдан басқа адамның қол сұғуына ешқандай қол жеткізілуі мүмкін емес. Сол сияқты, ақша салушының қаржыдағы ақша сомасы да құны сақталады.

Сонымен бірге, ақша салушыға көптеген жеңілдіктер беріледі. Ол сақтмық қаржыларындағы ақшасын өзі не болмаса есімді адамы арқылы ғана пайдалана алады.

Сақтмық қаржылары ақша сақтаушыға қаржыдағы ақшасының өсімін төлеп отырады. Мәселен, облысымыздың сақтмық

Сертіміз аброймен орындалуда

ССРО Жоғарғы Советінің V сессиясының қарарлары және ССРО Министрлер Советінің Председателі Г. М. Маленков жолдастың сессияда сөйлеген сөзі совет адамдарын Отанымыздың күш-қуатын арттыру жолындағы күресте қажырлықпен еңбек етуге бұрынғыдан да жігерлендіре түсті. Өйткені, сессияның қарарлары және Маленков жолдастың сөзі еңбекшілердің әл-ауқат, мәдени-тұрмыстық дәрежесін бұрынғыдан да жақсартуға және Советтік Отанымыздың күш-қуатының нығайтуына бағытталған. Сондықтан да қазіргі уақытта әрбір совет азаматы бұған жауап ретінде өндірістің қай саласында болсын қажырлықпен еңбек етіп жүр. Мен де солардың бірі болып 25 жұмыс күні ішінде 700 гектар егін жыйнауға, егіннің әрбір гектарына 15 центнерден өнім алуда және бір тонна жанар май ұнамдеуге серт бердім. Қазіргі күнде, колхоздың егін даласында аянбай еңбек етіп жүрмін.

Үзделі мерзімде бір «Сталинец — 6» комбайнымен 700 гектар егін жыйнау үшін күніне 25 гектардың егінін жыйнау керек. Бұл — жұмысты екі есе қарқынмен істеу қажет деген сөз. Сондықтан агрегат мүшелері егін жыйнауудың алғашқы күнінен бастап, тәулігіне 25 гектардан егін жыйнауға жетісіп, бұл міндетті орындауға қолайлы жағдай жасауда. Сөйтіп, агрегаттың тәулігіне үздіксіз 20 сағат жұмыс істеуін қамтамасыз еттік.

Комбайнды «СТЗ — НАТИ» тракторы сүйрейді. Тракторшылар Кузьменко және Алексеевко жолдастар жұмысты ынталылықпен істеп, трактордың бөгетсіз жүруіне жетісіп келеді. Колхоз басқармасы комбайнның бункерінен астық қабылдауды тығызлықпен ұйымдастырды. Бункерден астық комбайн жүріп бара жатқанда қотарылады. Мұның өзі жұмыс уақытын және жанар, жағар майларын

шықты. Оқу жылына әзірлік ойдағыдай ұйымдастырылған мектептерде қысқа кезекті отын жеткілікті мөлшерде дайындалып, олардың оқу-материалдық базалары нығайтылды. Оқу жасындағы балалардың тізімін алу ісі де держезінде және дүрыс жүргізілді. Полудень, Октябрь аудандарындағы мектептердің көпшілігі оқу жылын алдын-ала толық әзірлікпен қарсы ала алатын.

Жаңа оқу жылына әзірлік ісі, әресе, қала мектептерінде өте-мөте ұйымшылдықпен жүргізілді. Қаладағы мектептерді жаңа оқу жылына әзірлеуге қала еңбекшілері, мектептерді қамқорлыққа алған бірқатар кәсіпорындары мен мекемелер айтарлықтай көмек көрсетті. Әресе, «Казсельхозпрометройдың» облыстық мекемесі, шағын двигателдер зауыды сыяқты кәсіпорындары мен мекемелер коллективтерінің мектептерге де жүзінде нақтылы көмек көрсеткендігін атап өтуге болады.

Жаңа бесінші бесжылдық жоспарға сәйкес елімізде орта және жеті жылдық мектептердің санын арттыру қарастырылып отырса, бұл жөнінде біздің облысымызда да бірқатар жұмыстар істелуде. Үстіндегі оқу жылында орта және жеті жылдық мектептердің саны артады және 8—10 кластар өткен жылдағыдан едәуір көбейеді. Үстіндегі оқу жылында облысымызда жаңадан 9 орта, 22 жеті жылдық мектеп ашылады. Мұнымен бірге, 790 оқушыны қамтытын қоғамдық интернат жұмысқа қосылады. Сол сыяқты,

қаладағы бірнеше мектеп жасындағылардың есебін алып, бірде-бір баланың мектептен тыс қалып қоюына жол бермеу, сөйтіп, жалпыға бірдей міндетті жеті жылдық оқу заңының мұлтіксіз орындалуын қамтамасыз ету. Бұл үшін оқушылардың тізімін ауыл-селолық Советтермен бірлесе отырып, тағы да бір рет тексеріп шыққан жөн. Барлық мүмкіншілікті жұмылдыра отырып, оқу жасындағыларды мектепке түгел тарту қажет. Жергілікті партия, совет және комсомол ұйымдары оқу жасындағыларды мектепке түгел тартуда халық ағарту орындарына нақтылы көмек көрсетулері керек.

26 августан бастап облысымыздың аудандарында оқытушылардың август кеңестері өткізіледі. Оқытушылар кеңесінде республика мұғалімдері съезінің материалдары және үндеуі кеңінен талқыланып, мектептерде оқу-тәрбие жұмысын жақсартуға бағытталған сын мен өзара сын кеңінен өрістетілуге тиіс.

Мектептерде жаңа оқу жылы басталуға санаулы ғана күндер қалды. Бірақ, облысымызда әзірлікті толық аяқтай алмаған мектептер жоқ емес. Жаңа оқу жылына әзірлікте жол беріліп келген кемшіліктерді дереу жойып, қалған аз күшінде мектеп үйлерін салу және жөндеу, отын дайындау, оқытушы кадрларын орналастыру, мектептердің оқу-материалдық базаларын нығайту және басқа да сол сыяқты әзірлік жұмыстарын дереу аяқтайық, сөйтіп, жаңа оқу жылына үлгілі әзірлікпен кірісейік!

Гурьев рационализаторларының слеті

ГУРЬЕВ. (ҚазТАГ). Мұнайшылардың Мәдениет үйінде қаланың өнеркәсіп орындары рационализаторларының жұмыс тәжірибесін алмасуға арналған слеті болды. Слетке 500-ден аса адам қатысты. Гурьев рационализаторлары бесінші бесжылдықтың тапсырмаларын мерзімінен бұрын орындау ісіне елеулі үлес қосуда. Олар жыл басынан бері өткен жылдағы осы уақытпен салыстырғанда біржарым есе қазынысы жасады. Бұл ұсыныстар жыл сайын бір миллион сомнан аса үнем берді.

Петровский атындағы заводтың машина жасаушылары мемлекеттің жүздеген мың сомын үнемдеді. Қола балқыту технологиясын өзгерткен құюшы Бисенов жолдастың ұсынысы жыл сайын 123 мың сом үнем береді. Токарь Захаров жолдас пен механикалық цехтың бастығы Денисов жолдас мұнай жабдығы бөлшектерінің бірін өңдеу технологиясын түбірмен өзгертті. Бұдан түсетін бір жылғы пайда 145

мың сомға тең. Заводта рационализация және өнертабыс жөніндегі тұрақты совет жұмыс істейді, цехтық советтер ұйымдастырылған. Тақырыпшалар құрылған. Рационализаторларға инженерлік көмек көрсетіліп, көпшілік байқауы өткізіліп тұрады.

Быйыл товар-транспорт басқармасының кәсіпорындарында едәуір үнем беретін 47 ұсыныс түсті. Мұнда рационализаторшылар бөлмесі құрылған.

Слетке қатысушылар Новелтшевой балық зауытындағы, ет комбинатындағы, «Қазақстаннефтестройдағы» рационализаторлар мен өнертапқыштардың жұмысындағы кемшіліктерді айтты. Петровский атындағы заводтың токарі рационализатор Захаров жолдас, товар станциясының поездар құрастырушысы Боков жолдас және басқалары жұмыс тәжірибелерімен алмасты.

Қалалық XVIII партия конференциясы делегаттарының есіне

Қалалық XVIII партия конференциясы 1953 жылғы 22 августа, сенбі күні, күндізгі сағат 12-де облыстық драма театры үйінде (Театр көшесі, 38-үй) ашылады.

ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІ.

түрлі адамдардың қолымен жасалып отырған пәрменді жүргізу нәтижесінде айтарлықтай зор табыстарға жетіп отыр. Сөйтіп, олар сақтық кассаларындағы жыйнақ сомасын тек соңғы тоқсанға 2268 мың сом етіп арттыра алды.

Сол сыяқты, Булаев ауданындағы сақтық кассаларының қызметкерлері де қажырлы еңбек етуде. Бұған олардың сақтық кассалардағы жыйнақ сомасын аз уақыт ішінде 294 мың сом арттыра алғандығы дәлел бола алады. Мұндай үлгілі сақтық кассалардың қатарында Ленин (менгерушісі Әубәкіров жолдас), Полудень (менгерушісі Данияев жолдас) аудандарындағы сақтық кассаларын қосауға болады. Сонымен бірге, Конохов, Мамлют, Октя-

Н. МАРАЛОВ.

ЖАСТАРҒА АРНАЛҒАН ҮЙЛЕР

Қаланың Сталин атындағы көшесінде жаңадан екі этажды үй салынды. Бұл—Петропавл ет-консерві комбинатында жүмыс істейтін комсомолецтер мен жастардың жатақханасы.

Жатақханада қызыл мүйіз бар, сонымен қатар, үй бұмен жылытылады, онда көпшілік пайдалануға арналған кір жуатын, тамақ дайындайтын бөлмелер жабдықталған. Таяудағы күндерде жатақханаға комбинаттың 50-ден аса жастары орналасады.

Жатақхананың бірінші этажында комбинаттың дүкені ашылады. Онда ет-консерві өнеркәсібінің өнімдері және басқа азық-түлік товарлары сатылады.

Преснов ауданындағы «Сталин жолы» колхозының колхозшылары мен механикаторлары ЦСРО Жоғарғы Советінің V сессиясы қабылдаған Заңдарды және ЦСРО Министрлер Советінің Председателі Маленков жолдастың сессияда сөйлеген сөзін зор қуанышпен қарсы алып, оған жауап ретінде егін жыйнау мен астық дайындау жұмыстарының қарқынын кеңінен өрістетті. Колхоздың астық қырмандарында жұмыс күні-түні бірдей ұйымдастырылған.

Механизаторлар бұл күндері жұмысты еселеген қарқынмен істейді. Комбайншы Жолмұқанов жолдас сессия материалдарымен танысқаннан кейін былай деген болатын: —Партиямыз бен үкметіміз еңбекші-

лердің әл-ауқат, мәдени-тұрмыс дәрежесін арттыруға күнбе-күн қамқорлық жасап отыр. Мен бұған жауап ретінде егін жыйнауға қажырлы еңбек етемін.

Жолмұқанов жолдастың сөзіне ісі сай. Ол «Сталинец—6» комбайнымен 12 гектар орнына, 18—20 гектардан егін жыйнайды. Комбайншы Ахметов жолдас та біржарым норма орындап жүр.

Колхозшылар бастырылған астықты дереу тазартып, дайындау пункттеріне тәулік бойы тоқтаусыз жөнелтуде. Сөйтіп, олар елімізде азық-түлік молшылығын жасауға үлес қосуда.

В. СНИБСКИЙ,

Преснов МТС-і директорының саяси жұмыс жөніндегі орынбасары.



Петропавл станциясы вокзалының перроны өсем көгалдандырылған. Мұнда өсірілетін түрлі гүлдер, көркейткіш ағаштар, шеберлікпен жасалған суреттер бірден көз тартады. Вокзал қызметкерлері перронды бұдан былайғы жерде де көркейте бермек.

СУРЕТТЕ: Петропавл вокзалы перронының бір көрінісі.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

үнемдеуге, еңбектің өнімділігін арттыруға мүмкіндік беруде.

Агрегат мүшелері жұмысты таңертеңгі сағат 6-да бастап, түнгі сағат 2-де аяқтайды. Тамақ жұмыс басына әкелініп беріледі. Тамақтанар кезде жұмысты кезекпен істеп, агрегатты тоқтатпаймыз. Жанар май және су жұмыс басында құйылады.

Осындай ұйымшылдықтың арқасында біз күн сайын 25-27 гектар егін жыйнап, егіннің әрбір гектарынан орта есеппен 100 пұттан өнім алуамыз. Біздің мақсатымыз бұл қарқынды бәсеңдетпей, егіннің деркезінде ысырапсыз жыйналуына жетілеу, сөйтіп, берген өртімізді іе жүзінде орындау. Біз бұл мақсатымызды орындаймыз да.

М. ХОМЕНКО,

Булаев МТС-нің қос орденді комбайншысы.

Жаңа құрылыстар

Соколов ауданындағы «Победа» ауылшаруашылық артелінде быйыл құрылыс жұмыстары кеңінен жүргізілуде. Мұнда құрамында 20 адам бар құрылыс бригадасы ұйымдастырылған. Бұл бригаданы Степан Коноплицкий жолдас басқарады.

ССР Одағы Жоғарғы Советінің Бесінші сессиясының қарарларымен және ЦСРО Одағы Министрлер Советінің Председателі Г. М. Маленков жолдастың сөзімен рухтанған ұйымшыл коллектив күрделі жұмыстарды жүзеге асыруда.

Кәзір колхозда шошқа қорасы салынып бітуге жақын, сыйыр және төл қораларының құрылысы қызу жүргізіліп жатыр. Құрылыста колхозшылар Белов, Глухова және Приходько жолдастар табысты еңбек етуде. Олар күнделікті тапсырмаларын аяғурлым ертық орындайды.

Бригада мүшелері жоспарланған құрылыс жұмыстарын Ұлы Октябрь социалистік революциясының 36 жылдығына дейін толық орындап шығуға ұйғарып отыр.

У. РАХМЕТОВ.

Еңбекшілер қажетін өтеу үшін

Қаладағы «Пищевик» кәсіпшілік артелінің мүшелері ЦСРО Жоғарғы Советі V сессиясының қарарларын талқылауға арналған жыйналыста өздеріне көтерілген міндеттемелер алды. Олар Октябрь социалистік революциясының 36 жылдық мерекесіне дейін жаңадан салынып жатқан макарон және крахмал цехтарын іске қоспақ. Бұл цехтар ұннан және крахмалдан жасалатын алты түрлі тағамдар шығарады. Мұның өзі қала еңбекшілерін азық-түлікпен жабдықтау ісіне елеулі үлес қосқандық болады.

Кәзір артель коллективі өзінің көмекші шаруашылығында өсірілген овоштарды тұздауға кірісті. Сөйтіп, артель үстіндегі жылдың өзінде қала еңбекшілері үшін 30 тонна қанұста, 15 тонна помидор, 40 тонна қыяр дайындайды. Сонымен қатар, кәсіпшілік артелінің мүшелері быйылғы күзде 5 гектар жерде жеміс бақшасын жасайды. Міне, бұл жұмыстардың барлығы еңбекшілердің қажетін өтеуге арналған.

Совет Үкметінің Франция, Великобритания және АҚШ Үкметтеріне Германия мәселесі жөнінде нотасы

Совет Үкметі мынадай қолайсыз жағдайға — Европада соғыстың аяқталуына сегіз жыл өткеннен кейін де Германияның бітім договоры болмай, оның Батыс және Шығыс бөліктеріне бөлініп отырғанына, басқа мемлекеттермен тең праволы болмай отырғанына Франция Үкметінің, сол сыяқты Англия мен АҚШ Үкметтерінің де тағы да назарын аударуды қажет деп табады. Мұндай жағдай бейбітшілік халықтардың Европада бейбітшілікті нығайтуға ұмтылған талабына қайшы келеді және, мұнымен бірге, герман халқының заңды ұлттық мүдделерін бұзғандық болып табылады.

1952 жылғы 10 марттың өзінде Совет Үкметі Германиямен бітім договоры негіздерінің жобасын Франция, АҚШ және Англия Үкметтерінің қарауына тапсырды. Франция, Англия және АҚШ Үкметтері өздерінің бұған (Германиямен бітім договоры негіздерінің жобасы сызыған тіркеледі) көзқарасын әлі күнге білдірген жоқ. Сол сыяқты Франция, Англия және АҚШ Үкметтері өздерінің бітім договоры жобасын да тапсырған жоқ. Мұның өзі жоғарыда көрсетілген үш мемлекет үкметтерінің Германиямен бітім договоры туралы мәселе бойынша бастамайтындығын көрсетеді. Германиямен бітім договоры туралы мәселе барған сайын ұзаққа созылуда, бұған, ең алдымен, Франция, Англия және АҚШ Үкметтері жауапты.

Германиямен бітім договоры туралы мәселені қараудан бастартып, Франция, Англия және АҚШ Үкметтері басқа жолға түсті.

1952 жылғы 26 майда Франция, Англия және АҚШ Үкметтері Аденаурдің Бонн үкметімен бірге, «Бонн келісімі» деп аталған «Үш мемлекет пен Германия Федерациялық Республикасы арасындағы қатынас туралы договорға» қол қойды, ал екі жылғы 27 майда Франция, Италия, Бельгия, Голландия және Люксембург Үкметтері Бонн үкметімен бірге, «Париж келісімі» деп аталған «Европалық қорғаныс бірлестігі» туралы договорға қол қойды. Қол қойғанда, «Бонн келісімі», сол сыяқты «Париж келісімі» де мемлекеттердің агрессиялық Солтүстік Атлантика блогімен алдағы 50 жылға тығыз байланыстырылды.

Жұртқа мәлім, «Париж келісімінің» мәнісі мынада: Батыс Германияда гитлерлік генералдардың және басқа көкшілердің басшылығымен қарулы күштер құрылды, бұл қарулы күштер Солтүстік Атлантика блогінің агрессиялық мақсаттарын жүзеге асыруға арналған «Европалық армия» дейтін құрамына енгізіледі ал «Бонн келісімі» бойынша, Батыс Германия үш мемлекетке бағынған тәуелді мемлекет қалпында қалдырылды; бұл үш мемлекет, оккупациялық статустың формальді жойылуына қарамастан, өздерінің әскерлерін Батыс Германия территориясында қалдырды, ал олардың Батыс Германияның

көрмеген дәрежеде өрлеуіне жағдай туғызады. Германияны басқа мемлекеттер қатарында тиесілі орын алуға лайықты ұлы мемлекет ретінде қайта құру міндетін тең герман мемлекетінің бейбітшілік және демократиялық негізде дамыту жолымен, бейбітшілік пен халықаралық хауісіздікті нығайтуға ұмтылатын басқа мемлекеттермен достық ынтымақ жасау жолымен орындауға болатынын ешкім бекер дей алмайды. Соғыс жолы Германияны мұнан бұрын талай рет ұлттық апатқа ұшыратқанын және мұның зардабы герман халқына өте қымбатқа түскенін тарихтың тәжірибесі көрсетіп отыр.

Герман проблемасын шешу үшін Германиямен бітім договорын жасаудың бірінші дәрежелі маңызы бар екені күмәнсіз. Германиямен бітім договорын жасау Европада бейбітшілікті нығайтуға шешуші түрде көмектеседі және, дүниежүзілік екіінші соғыстың салдарынан туған тиісті мәселелерді біржолата шешуге мүмкіндік береді, ал, гитлерлік агрессиядан зияндыған Европа мемлекеттері, ең алдымен, Германияның көршілері бұл мәселелердің шешілуіне жан-төнімен мүдделі. Германиямен бітім договорын жасаудың қажет болуының тағы бір себебі — екі рет дүниежүзілік соғысты бастаған герман милитаризмінің қалпына келтірілу хауісі әлі жойылған жоқ, өйткені Потсдам конференциясының тиісті қаулылары әлі де орындалмай келеді. Германиямен бітім договоры герман халқы үшін бітімнің басты шарттарын белгілейді. Германияның біртұтас, тәуелсіз, демократиялық және бейбітшілік мемлекет болып дамуына көмектеседі, герман халқының тең праволылық негізде басқа халықтармен бейбіт ынтымақ жасау мүмкіншілігін қамтамасыз етеді.

Франция, Англия және АҚШ Үкметтері өздерінің Германиямен бітім договорын қараудан бастартуы, договорды әзірлеуге қатыса алатын жалпыгерманиялық үкмет әлі жоқ деген сылтаумен дәлелдемек болды. Алайда, бітім договорын қараудан бастартудың мұндай дәлелі істің шын мәнісіндегі жайына қайшы келеді. Шын мәнісінде, Францияның, АҚШ-тың және Англияның саясаты мынаған бастайды: бітім договоры туралы мәселені қарау барған сайын кейінге қалдырылып қана қоймай, мұнымен бірге, жалпыгерманиялық үкмет құру туралы мәселені шешу де кейінге қалдырыла береді, өйткені бұл саясат Германияның өміге бейбітшілік аяғын етіп қалдыруды, Германияның қайтадан біріктілуіне жол бермеуді көздейді.

Кейбір мемлекеттер парламенттерінің өлеулі қарсылық көрсетіп отырғанына қарамастан, Бонн және Париж келісімдерін тиісті мемлекеттерге бекітіру үшін, қазіргі уақытта оларға қысым жасаудың барған сайын жаңа шаралары қолданылуда. Бұл қысым, әсіресе, АҚШ Үкметінің қысымы Батыс Германияда қарулы күштердің құрылуына және олардың Батыс

қайтағы бір правосыз отар туралы болып отырған сыяқты болып шығады. Мұндай ұсыныс герман халқы өзінің ішкі мәселелерін шешуден шеттетуге бастайды, герман халқына өреспел сенбеушіліктің белгісі болып табылады, сол себепті, әрине, Германия халқының қалың топтары тарапынан тойтарыс туғызады.

Франция, Англия және АҚШ Үкметтерінің жоғарыда көрсетілген ұсынысы өзінің негізінде, Потсдам қарарларында белгіленген демократия принциптеріне қайшы келеді. Бұл ұсыныс, үш мемлекеттің айтуынша, Аденаурдің үкметімен келісіп белгіленген. Ал Аденаурдің үкметі Батыс Германияның екі ірі капиталістік монополияларының мүдделеріне қызмет етеді, неміс демократиялық күштерін жаңыштау үшін көшегі гитлершілдер мен жария фашистерге барған сайын еркіндік беріп отырады, герман милитаризмін қайта туғызуға және жаңа басқыншылық соғыстар бастауға ұмтылатын Германияның барлық тұрған ұлтшылылары мен көкшілерінің айқайшығы болып табылады. Мұнымен бірге Аденаурдің үкметі төрт мемлекеттің герман мәселесі жөніндегі саясатын келісітіру мүмкіншілігінің өзіне үнемі қарсы шығып келетін ұмтынау керек, өйткені ол өзінің тараптары герман милитаризмін қалпына келтіру жоспарларымен, Европада жаңа соғыс бастауға әзірлік жасау жоспарларымен тығыз байланыстырды. Осы, халыққа қарсы мақсаттар үшін ол Париж және Бонн келісімдерін бекітіруге тырысады; бұл келісімдер герман халқының ұлттық мүдделеріне қайшы келіп, Батыс Германияны тәуелді мемлекетке айналдыруды, Батыс Германия халқын үзақ жылдар бойына кіріптарлыққа салуды көздейтін болса да, ол мұнымен есептөлмейді.

Сонымен, демократиялық Германияның бірінші қайта орнату мүдделеріне Париж келісімінің де, Бонн келісімінің де ешқандай қатысы жоқ. Бұл келісімдердің шын мақсаттары Потсдам конференциясының негізгі принциптеріне қарсы бағытталған, ал бұл конференцияда АҚШ, Англия және СССР, сол сыяқты оларға кейіннен қосылған Франция Германияның біртұтас бейбітшілік және демократиялық мемлекет болып қалпына келтірілуін қамтамасыз етуге ұйғарды.

Жоғарыда айтылғандардың бәрі демократиялық Германияның ұлттық бірлігін қалпына келтіру туралы мәселе герман халқы үшін негізгі мәселе болып келгені және болып қалатынын, бұл мәселенің шешілуіне бүкіл Еуропаның бейбітшілік халықтары мүдделі екенін көрсетеді. Бұл істі оған әрі кейінге қалдыруды ешқандай сылтаумен ақтауға болмайды, өйткені қазіргі жағдайда бұл мәселенің шешілуіне негізгі жауаптылық АҚШ, Англия, Франция және СССР Үкметтеріне жүктеледі. Қайтсаяқ да Германияның би-

а) Жалпыгерманиялық Уақытша үкмет бітім договорын әзірлеген кездегі Германияның өкілдігі, сондай-ақ халықаралық ұйымдардағы өкілдігі ретінде; гитлерлік Германияға қарсы соғысқа өзінің қарулы күштерімен қатысқан мемлекеттің қандайына болса да қарсы бағытталған коалицияларға немесе соғыс одақтарына Германияны қатыстыруға жол бермеу; герман азаматтығы мәселелері; демократиялық партиялар мен ұйымдардың еркін жұмыс істеуін қамтамасыз ету және демократияға, бейбітшілікті сақтау ісіне дүшпән фашистік, милитаристік және басқа ұйымдардың өмір сүруіне жол бермеу; Шығыс және Батыс Германия арасында сауда қатынастарын ұлғайту, транспорт, почта және телеграф байланысының мәселелері белгіленген аймақтық шекараларға қарамастан, адамдардың еркін жүруі және товарлар тасу туралы мәселелер; Шығыс және Батыс Германия арасында экономикалық және мәдени байланыстарды өркендету сыяқты жалпыгерманиялық маңызды бар шұғыл мәселелерді және бүкіл герман халқының мүдделеріне қатысы бар басқа мәселелерді шеше алатын болар еді.

б) Соның өзінде Жалпыгерманиялық Уақытша үкметтің басты міндеті жалпыгерманиялық еркін сайлауды әзірлеу және өткізу болуға тиіс, бұл сайлаудың негізінде герман халқы, шетелдік мемлекеттердің араласуымен, демократиялық Германияның қоғамдық және мемлекеттік құрылысы туралы мәселені өзі шешуге тиіс.

Жалпыгерманиялық Уақытша үкмет жалпыгерманиялық сайлаудың шын демократиялық сыйпаты болуын, сайлауға барлық демократиялық ұйымдардың қатысуын және ірі монополиялар тарапынан сайлаушыларға қысым жасалуына жол берілмеуін қамтамасыз ететін жалпыгерманиялық сайлау заңының жобасын жасауға тиіс. Демократиялық сайлауды жүзеге асыру үшін қажетті жағдайдың бүкіл Германияда бар-жоғын тексерудің дұрыстығын мойындау, сондай-ақ мұндай жағдайды қамтамасыз ету шараларын қолдану оның мәселені еркін шешуіне байланысты.

Сонымен бірге Совет Үкметі, Франция, АҚШ, Англия және СССР Үкметтерінің жалпыгерманиялық сайлауды өткізген кезде оны шетелдік мемлекеттер тарапынан қандай да болса қысым жасалуын

Германиямен бітім договоры туралы Совет Үкметінің жобасы

Германияға қарсы соғыс аяқталғаннан бері жеті жыл дерлік уақыт өтті, ал Германия әлі күнге дейін бітім договорын алмай, бөлшектелген қалда, басқа мемлекеттер жөнінде әлі де теңсіздік жағдайда қалып отыр. Мұндай қолайсыз жағдайда

болдырмайтын шын еркіндік жағдайында өткізу жөнінде шаралар қолдануы қажет деп есептейді.

3. Германияның соғыс зардаптарына байланысты финансы-экономикалық міндеттемелерін жөндімдеу.

Германия өзінің соғыс зардаптарына байланысты финансы-экономикалық міндеттемелерінің едәуір бөлігін СССР, Франция, Англия және АҚШ жөнінде қазірдің өзінде орындағанын еске алып және Германияның экономикалық жағдайын жөндімдеу қажеттігімен есептесе отырып, СССР Үкметі осыған байланысты тиісті қарарлар қабылдауды шұғыл мәселе деп таниды.

а) Совет Үкметі, 1954 жылғы 1 январьдан бастап, Германияның репарация төлеуден, сонымен қатар, сауда міндеттемелері жөніндегі бересілдерді қоспағанда, төрт мемлекетке соғыстан кейінгі мемлекеттік борыштарды төлеуден толық босатылуы қажет деп есептейді.

б) Совет Үкметі сонымен қатар төрт мемлекеттің әскерлерінің Германия территориясында болуына байланысты шығындардың мөлшерін шегеру қажет деп есептейді. Осы мақсатпен мынадай ұсыныс жасалады: бұл әскерлерді ұстау шығындарының сомасы бір жылда Герман Демократиялық Республикасы мен Герман Федерациялық Республикасының мемлекеттік бюджеті кірістерінің 5 процентінен зонайтын болсын және ең болмағанда 1949 жылғы оккупациялық шығындардың сомасынан аспайтын болсын, ал ол кезде Солтүстік Атлантикалық блоктың құрылуы оккупациялық шығындардың мөлшеріне әлі әсерін тигізбеген болатын.

Совет Үкметі сонымен бірге Германия төрт мемлекеттің сыртқы оккупациялық шығындары жөнінде 1945 жылдан кейін пайда болған бересілдерді төлеуден толық босатылуына деп ұсынады.

Совет Үкметі СССР, Франция, АҚШ және Англия арасында герман мәселесі жөнінде келісімге келу және жоғарыда айтылған ұсыныстар бойынша талаудағы уақыттың өзінде қарарлар қабылдау халықаралық қатынастағы шиеленісті бәсеңдетуге қызмет етеді, сөйтіп, бейбітшілік пен халықаралық хауісіздікті нығайтуға көмектеседі деп сенім білдіреді.

Совет Үкметі осындай ноталарды Англия және АҚШ Үкметтеріне де жолдады. Москва, 15 август 1953 жыл.

Совет Одағында су тегі бомбасын сынау туралы ҮКМЕТ ХАБАРЫ

Жуырда Совет Одағында, сынау мақсатымен, су тегі бомбасының бір түріне взрыв жасалды.

Су тегі бомбасында қуатты термоядролық реакция жасалуы себепті взрывтан күші зор болды. Сынау су тегі бомбасының қуаты атом бомбаларының қуатынан екі есе артық екенін көрсетті.

Совет Одағының атом қаруын игеретініне біркеше жыл болғандығы және оның бұл қаруға тиісті сынау жүргізгендігі мәлім. СССР Министрлер Советінің Председателі Г. М. Маленковтың осы жылғы 8 августа Жоғарғы Советтің Бесінші сессиясында сөйлеген сөзінен мәлім болғанындай, Совет Одағы су тегі бомбасын жасау қупиясы да итерді.

Совет Үкметінің бұл хабары шетелдерде өте көп пікірлер туғызды. Бұрын өздерінің саясатында атом бомбасын, онан кейін су тегі бомбасын тек АҚШ-тың монополиялауына сүйеніп келген кейбір шетелдік топтар халықтарды Совет Одағының су тегі қаруын жасау қупиясына игеруімен қорқытуға және осыған байланысты үрей туғызуға, мұның өзін жаңталаса қараулануды күшейту мақсатына пайдалануға тырысады.

Совет Үкметі, бұрынғысындай, қазір де мұндай үрейге ешқандай негіз жоқ екенін мәлімдеуге қажет деп санайды.

Совет Одағының бейбітшілікті және халықтардың хауісіздігін нығайтуға бағытталған мызғымас саясатына сәйкес, Совет Үкметі басқа елдердің үкметтеріне қару-жарақты едәуір азайтуды, атом қаруын және жаппай қырып-жоютын қарудың басқа да түрлерін қолдануға тығым салуды, Біріккен Ұлттар Ұйымы шеңберінде бұл тыйым жүзеге аспырылуына халықаралық қатаң бақылау орнатуды талай рет ұсынды.

Совет Үкметі қазіргі уақытта да осы позициясында берік тұр.

Совет заказы бойынша Данияда Совет Одағына кеме берілуі

КОПЕНГАГЕН, 19 август. (СОТА). Кеше «Бурмейстер от Вайн» кеме верфиінде Дания мен СССР арасындағы сауда келісімі бойынша жасалған рефрижератор Совет Одағына берілді.

16 сағат 30 минутта Дания жалауы төмен түсіріліп, Совет жалауы көтерілді. «Бурмейстер от Вайн» кеме жасау верфинің директоры Барфод және СССР-ның Даниядағы сауда өкілі Степанов жолдас сөз сөйледі.

Бұдан кейін ұйымдастырылған қабылдауда СССР-ның Даниядағы кіші елшісі М. С. Ветров, СССР-ның Даниядағы сауда өкілі Степанов жолдас, «Бурмейстер от Вайн» кемесінің директоры, верфтің инженер-техникалық қызметкерлері мен жұмысшыларының өкілдері болды.

істеріне қатысуға шек қойылмаған шарттарды береді. Мұның өзі Батыс Германия халқының түрі өзгертілген оккупация тәртібі жағдайында кіріптарлыққа түсірілуін көп жылдарға сактайды.

Мұның өзі Бонн және Париж келісімдерінің герман милитаризмін қайта туғызуға және Батыс Германияны дүниежүзілік үстемдіктен демеленетін басқа мемлекеттердің агрессиялық жоспарларының құрамына айналдыруға бастайтынын көрсетеді.

Франция, Англия және АҚШ сыртқы істер министрлерінің 1953 жылғы июльде Вашингтонда өткізілген кеңесінің мазмұндамасынан көрініп отырғанындай, үш мемлекеттің Үкметтері «европалық армияны» құру және оған гитлерлік генералдар басқаратын Батыс Германияның қарулы күштерін енгізу жоспарын жүзеге асыруға бағытталған саясатты мұнан бұлай да жүргізе беруге ұйғарды. Мазмұндамада турасынан былай деп көрсетілді: «Үш сыртқы істер министрі, Атлантика договоры шеңберінде өздерінің Үкметтері келісіп белгілеген саясатты өздерінің жігермен жүргізуге ұйғарған берік ниетін сыйып тады. Бұл саясат көзірдің өзінде көмір және болат бірлестігін құрған және Үкметтері европалық қорғаныс бірлестігі туралы договорға қол қойған алты европалық елдің европалық бірлігін жасау жұмысын қамтыды».

Германия мәселесінде Франция, АҚШ және Англия Үкметтері түскен жол герман милитаризмінің қайта туғызылуына жаңа агрессияның қауіпті ошағының жалғуына, Европада жаңа соғыс шығу қауіпінің барған сайын күшеюіне бастайды. Бұл жолмен жүру, Германияны бейбітшілік және демократиялық мемлекет ретінде қалпына келтіруге көмектесу мақсатын көздейтін, салтанатпен қабылданған халықаралық міндеттемелерден—1945 жылы Потсдам конференциясында Америка Құрама Штаттары мен Англия қабылдаған, кейіннен Франция да қосылған міндеттемелерден бастартандық болады.

Екінші жол — соғыс аяқталысымен Германия жөнінде төрт мемлекет қабылдаған бейбітшілік мақсаттар мен міндеттемелерге және Европада бейбітшілікті нығайту мүдделеріне сай келетін жол. Мұнымен бірге, әріне, мына жағдаймен есептесуге болмайды: Потсдам конференциясынан бері сегіз жыл уақыт өтті, соған бері көп өзгерістер болды, герман мәселесін біржолата шешкенде осы өзгерістер есепке алынуға тиіс. Алайда Потсдам келісімінің негізгі мақсаттары — бейбітшілік және демократиялық Германия мемлекетін құруға көмектесу мақсаттары — бұрынғысына барлық европалық халықтардың, оның ішінде герман халқының да мүдделерін білдіреді, сондықтан бұл мақсаттардың орындалуы Германиямен бітім договорын жасау жолымен қамтамасыз етілуіне тиіс.

Бұл міндетті жүзеге асыру, экономика мен мәдениетті өркендету ісінде зор мүмкіншіліктері бар Германияның әлі болып

келісімінде белгіленген «европалық армияға» енгізілуін тездету, сойтіп Солтүстік Атлантика блогының мемлекеттеріне тәуелді Батыс Германияны бұл блогтың жоспарларын жүзеге асыру құралына айналдыру мақсатын көздейді. Бірақ Батыс Германияны «европалық армияға», мұнымен бірге Солтүстік Атлантика блогына да қосқаннан кейін Батыс Германияны бейбітшілік мемлекет деп тануға болмайды. Батыс Германияны «европалық армияға» және Солтүстік Атлантика блогына қосу Батыс Германия мен Шығыс Германияны біртұтас мемлекет етіп біріктіруге мүмкіншілік қалдырмайды. Біртұтас және бейбітшілік Германия мемлекетін құруға герман халқының өзінің мүдделі болып отырғаны сияқты, бүкіл Европаның бейбітшілік халықтары да мүдделі. Бірақ Бонн Үкметі Батыс Германияны агрессиялық Солтүстік Атлантика блогына қосқаннан кейін Батыс Германия мен Шығыс Германияны біріктіруге мүмкіндік қалмайды. Сондықтан да, тек Герман Демократиялық Республикасында ғана емес, Батыс Германияда да немістердің басым көпшілігі Аденauer Үкметінің Батыс Германияны «европалық армияға» және Солтүстік Атлантика блогына қосу жоспарларына қарсы шығуда және бұл жөнінде оларды бүкіл Европаның бейбітшілік халықтары жақтайды.

Жоғарыда айтылғандар Франция, АҚШ және Англия Үкметтерінің, сол сияқты Аденauer Үкметінің саясаты Германияны біріктіруге және жалпыгерманиялық үкметті құруға бағытталмай, Германияның екіге бөлінуін ұзақ жылдарға қалдыруды көздейтіндігі көрсетеді. Мұндай саясат жалпыгерманиялық демократиялық үкметтің құрылуына қарсылық жасауға тікелей бағытталған. Демек, жалпыгерманиялық үкмет, жоқ дейтін сылтау бойынша Германиямен бітім договорын қараудан бастарту бұл бастартудың шын себебтерін көрсетпейді.

Сол сияқты жоғарыда айтылғандар Франция, Англия және АҚШ Үкметтерінің көзіргі саясаты бітім договоры туралы мәселені шешуге қарсы, сондай-ақ Германияны бейбітшілік және демократиялық негіздерде біріктіруге қарсы, жалпыгерманиялық демократиялық үкмет құруға қарсы бағытталып отырғанын көрсетеді.

Франция, Англия және АҚШ Үкметтері жалпыгерманиялық демократиялық үкмет құру туралы мәселені шешу орнына басқа ұсыныс енгізеді. Бұл жалпыгерманиялық сайлау туралы мәселені талқылауы ұсынады, бірақ бұл істі өздерінің —бұл сайлауды өткізуге «жағдай туғызу» мақсатымен тексеру жүргізу жөнінде» шет мемлекеттердің өкілдерінен бейтарап комиссия дейтінді құру туралы ұсынысын төрт мемлекеттің талқылап қарауымен тұжырады. Мұның өзі—Германияда сайлау өткізуді шет мемлекеттердің қолына беруге, бұл мақсатпен қайдағы бір шетелдік «сәрттеушілерді» герман халқына зорлықпен қабылдануға әрекеттенгендік деп бағаламайынша, басқаша бағалауға болмайды, сойтіп іс, көпжылдық демократиялық дәстүрлері бар Германия туралы бол-

дыруы туралы, жалпыгерманиялық демократиялық үкмет құру туралы мәселені, ең болмағанда, бірте-бірте шешуге көмектесе алатын шаралар кейінге қалдырылмауға тиіс.

ССРО Үкметі, Франция Үкметіне, сол сияқты Англия және АҚШ Үкметтеріне, герман проблемасын шешуге бағытталған практикалық шараларды көзірден қалдыруды ұсынады.

Жоғарыда айтылғандарға сәйкес Совет Үкметі Германия жөнінде мынадай негізгі мәселелерді шұғыл шешу қажет деп есептейді:

1. Германиямен бітім договоры туралы мәселені қарау үшін бітім конференциясын шақыру.

Совет Үкметі, барлық мүдделі мемлекеттер қатысатын мұндай конференцияны талғанда алты айдың ішінде шақыруға болады деп есептейді және бітім конференциясын шақыруды онан әрі кейінге қалдыруға дәлел жоқ деп таныйды. Германиямен бітім договорын әзірлеу жөніндегі алдын-ала жүргізілетін жұмыстың бәрін жоғарыда көрсетілген мерзім ішінде аяқтауға болар еді. Мұнымен бірге, бітім договорын әзірлеудің барлық кезеңдеріндегі жұмыстарына және бітім конференциясына Германия өкілдерінің тиісінше қатысуын қамтамасыз етудің зор маңызы бар. Жалпыгерманиялық уақытша үкмет құрылғанға дейін бітім договорын әзірлеуге Шығыс Германия мен Батыс Германияның көзіргі Үкметтерінің өкілдері қатыса алар еді.

2. Жалпыгерманиялық уақытша үкмет құру және жалпыгерманиялық еркін сайлау өткізу.

Германияның ұлттық бірлігін бейбітшілік және демократиялық негізде қалпына келтіру мақсатымен Совет Үкметі Герман Демократиялық Республикасы мен Герман Федерациялық Республикасы парламенттерінің, демократиялық ұйымдардың көңінен қатысуымен, жалпыгерманиялық уақытша үкмет құруын ұсынады. Мұндай үкметті, Герман Демократиялық Республикасы мен Герман Федерациялық Республикасының көзіргі Үкметтерін ауыстыру ретінде, Шығыс Германия мен Батыс Германия арасында тікелей келісім жасау жолымен құруға болады. Көзіргі уақытта мұның өзі қиындағ соғатын болса, онда жалпыгерманиялық уақытша үкметті, Герман Демократиялық Республикасы мен Герман Федерациялық Республикасының Үкметтерінің біраз уақытқа сәктай отырып та құруға болады, бұлай болғанда жалпыгерманиялық уақытша үкметке алғашқы кезеңде тек белгілі шек қойылған міндеттер жүктелсе керек. Алайда мұның өсінде де жалпыгерманиялық уақытша үкмет құру Германияны біріктіру жолындағы ілгері басқан нақтылы қадам болып табылады; ал Германияны біріктіру шын мәнісіндегі еркін, жалпыгерманиялық сайлау негізінде жалпыгерманиялық үкмет құрумен толық аяқталуға тиіс.

Жалпыгерманиялық Уақытша үкметтің міндеттері:

Халықтардың талаптарына сай келеді. Германиямен бітім договорын неғұрлым тез жасаспайынша, герман халқының зәтте ұлттық мүдделеріне әділеттілікпен қарауды қамтамасыз етуге болмайды.

Германиямен бітім договорын жасасудың Европада бейбітшілікті нығайту үшін зор маңызы бар. Германиямен бітім договорын жасасу дүниежүзілік екінші соғыстың салдарынан туған мәселелерді біржолата шешуге мүмкіндік береді. Бұл мәселелердің шешілуіне гитлерлік агрессиядан зиян шеккен Европаның мемлекеттері, әсіресе, Германияның көшірлері қуштар болып отыр. Германия мен бітім договорын жасасу халықаралық жағдайды бүтіндей жақсартуға көмектеседі, сойтіп, баянды бейбітшілік орнатуға көмектеседі.

Германиямен бітім договорын жасасуды тездету қажеттілігі дүниежүзілік соғысты екі рет бастаған герман милитаризмін

Германиямен бітім договорының негіздері

ҚАТЫСУШЫЛАР

Великобритания, Совет Одағы, АҚШ, Франция, Польша, Чехословакия, Бельгия, Голландия және өзінің қарулы күштерімен Германияға қарсы соғысқа қатысқан басқа мемлекеттер.

САЯСИ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Германия біртұтас мемлекет ретінде қалпына келтіріледі. Сөйтіп, Германияның бөлшектелуі жойылып, біртұтас Германия тәуелсіз, демократиялық, бейбітшілік мемлекет ретінде өркендеуге мүмкіндік алды.

2. Оккупациялаушы мемлекеттердің барлық қарулы күштері бітім договоры күшіне кірген күннен бастап бір жылдан көпшілік Германиядан өкетілуге тиіс. Сонымен бірге, Германия территориясындағы барлық шетелдік соғыс базалары жойылатын болады.

3. Герман халқының демократиялық праволары қамтамасыз етілуіне тиіс, сойтіп, Германияның қол астындағы барлық адамдар, несиіліні, жынысының, тілінің немесе дінінің айырмашылығына қарамастан, адамның праволарымен және сөз, баспасөз, дін салт, саяси сенім және жыйналыстар өткізу бостандығын қоса есептегенде, негізгі бостандықтармен пайдалануға тиіс.

4. Германияда демократиялық партиялар мен ұйымдардың еркін жұмыс істеуі қамтамасыз етіліп, олардың ішкі істерін еркін шешуіне, стездер мен жыйналыстар өткізуіне, баспасөз және баспа бостандығымен пайдалануына праволар берілуіне тиіс.

5. Германияның территориясында демократияға және бейбітшілікті сақтау ісіне дүниені ұйымдардың өмір сүруіне жол берілмеуге тиіс.

6. Неміс армиясының бұрынғы әскери қызметшілерінің бәрине, соның ішінде офицерлер мен генералдарға, бұрынғы нацистердің бәрине, өздерінің жасаған қыл-

мыстың қайта жаңдану мүмкіндігін жөйде қамтамасыз етуге тиіс.

Германиямен бітім договорын жасау герман халқы үшін баянды бейбітшілік жағдайларын орнатады, Германияның Потсдам қауыптарына сәйкес біртұтас, тәуелсіз демократиялық және бейбітшілік мемлекет ретінде өркендеуіне көмектесетін болады, сойтіп, герман халқының басқа халықтармен бейбіт ынтымдастыру мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Осыған сүйеніп, Совет Одағының, Америка Құрама Штаттарының, Великобританияның және Францияның Үкметтері Германиямен бітім договорын жасасуға шұғыл кірісуге ұйғарды.

ССРО, АҚШ, Великобритания және Франция Үкметтері бітім договорын Германияның жалпыгерманиялық үкмет арқылы қатысуымен әзірленуге тиіс және Германиямен бітім договорын мынадай негіздерде құрылуға тиіс деп есептейді:

Мұсылмандар үшін сот жазасын өтеп жатқандарды басқаруына, бейбітшілік демократиялық Германия орнатуға қатысу үшін басқа барлық неміс азаматтарымен бірдей азаматтық және саяси праволар берілуге тиіс.

7. Германия өзінің қарулы күштерімен Германияға қарсы соғысқа қатысқан мемлекеттің қандайдына болса да қарсы бағытталған қандай да болса коалицияларға немесе соғыс одақтарына кірмеуге міндеттенеді.

ТЕРРИТОРИЯ

Германияның территориясы ұлы мемлекеттердің Потсдам конференциясының қаулыларымен белгіленген шекаралармен шектеледі.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕР

Герман халқының әл-ауқатын арттыруға қызмет етуге тиісті Германияның бейбіт экономикасын өркендетуде оған ешқандай шек қойылмайды.

Басқа елдермен сауда жасау, теңізде жүзу, дүниежүзілік рыноктерге шығу жөнінде де Германияға ешқандай шек қойылмайтын болады.

СОҒЫС ЖӨНІНДЕГІ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Германияның ел қорғауға қажетті ұлттық қарулы күштерінің (жер бетіндегі, соғыс-әуе және соғыс-теңіз күштерінің) болуына рұқсат етіледі.

2. Германияның соғыс материалдары мен техникасын жасауына рұқсат етіледі, бұлардың саны немесе түрлері бітім договоры бойынша Германия үшін белгіленген қарулы күштерге қажетті шектен аспауға тиіс.

ГЕРМАНИЯ ЖӘНЕ БІРІККЕН ҰЛТАР ҰЙЫМЫ

Германиямен бітім договорын жасасқан мемлекеттер Германияның өзін Біріккен Ұлттар Ұйымының мүшелігіне алу туралы өтінішін қолдайды.

«Бурмейстер ог Вайн» фирмасының директоры қабылдауда сөз сөйлеп, фирма кемелер жасауға жаңа заказдар алды деген үміт білдірді. Бір қарт жұмысшы өзінің сөзінде заказдар бергені үшін Совет сауда ұйымдарына алғыс айтты, бұл заказдар, оның айтуынша, жүздеген еңбекшілерді жұмыспен қамтамасыз еткен.

КОРЕЯ ЖӨНІНДЕГІ САЯСИ КОНФЕРЕНЦИЯҒА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚҰРАМЫ ТУРАЛЫ СОВЕТ ОДАҒЫНЫҢ ҚАРАР ЖОБАСЫ

НЬЮ-ЙОРК, 18 август. (СОТА). 18 августа Совет Одағының делегациясы саяси комитетте Корея жөніндегі саяси конференцияға қатысушылардың құрамы туралы мынадай қарар ұсынды:

Бас Ассамблея, саяси конференцияның өз жұмысын ойдағыдай атқаруына неғұрлым қолайлы жағдайлар туғызылуын қамтамасыз ету қажет деп есептеп, Корея жөніндегі саяси конференцияны мынадай құрамда шақыруды ұсынады: Құрама Штаттар, Англия, Франция, Совет Одағы, Қытай Халық Республикасы, Индия, Польша, Швеция, Бирма, Корея Халық Демократиялық Республикасы және Оңтүстік Корея. Мұнымен бірге, конференцияның қарарлары, уақытша бітім туралы келісімге қол қойған жақтардың ризалығы болғанда қабылданды деп есептелетіні есте тұтылады.

Редактор **Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«АНГЕЛ ДЕМАЛЫСТА»

Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«ҮШ ЖОЛДАС»

Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

Сталин атындағы артель тігуге және жөндеуге берілген аяқкиімдерін 3 айдан бері сатып алмаған азаматтардың аяқкиімдері осы хабарландыру газетке жарияланғаннан кейін 5 күннен соң басқа адамдарға сатылатындығын заказчиктердің есіне салады, сол сияқты, бұл жөнінде ешқандай шағым қабылданбайды.